






ЕЛОРДА КҮНІ

— ҚҰТТЫ БОЛСЫН! —

АСТАНА — ЕЛ ТІРЕГІ

Құрметті шалқарлықтар! Қадірлі аудан тұрғындары! Сіздерді еліміздің айтулы мерекелерінің бірі — 6 шілде — Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Астана — тәуелсіз Қазақстанның жарқын жетістігін, мемлекетіміздің даму бағытын, халқымыздың бірлігі мен жасампаз еңбегін айқын көрсететін бас қала. Елорданың қалыптасуы мен дамуы — еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белестердің бірі. Бүгінде Астана Қазақстанның саяси, экономикалық, мәдени және рухани орталығына айналып, ел дамуының негізгі бағыттары айқындалатын, маңызды мемлекеттік шешімдер қабылданатын қасиетті орда ретінде орнықты.

Бас қаламыздың бүгінгі келбеті — тәуелсіз елдің сенімді қадамының, береке-бірлігінің және болашаққа деген нық ұмтылысының көрінісі. Заманауи сәулетімен, кең тынысты дамуымен, халықаралық деңгейдегі бастамаларымен Астана еліміздің абыройын асқақтатып, әлемдік қауымдастық алдындағы беделін нығайтып келеді.

Астана күні — тек елорда тұрғындарының ғана емес, барша қазақстандықтардың ортақ мерекесі. Себебі, бас қаланың өркендеуі — әр өңірдің, әрбір азаматтың еңбегімен, елге деген сүйіспеншілігімен, ортақ мақсатқа деген жауапкершілігімен тығыз байланысты. Бұл мереке бізді тәуелсіздіктің қадірін бағалауға, бірлікті нығайтуға, туған жердің дамуына үлес қосуға үндейді.

Шалқар ауданының тұрғындары да еліміздің өсіп-өркендеуіне еңбектерімен өз үлестерін қосып келеді. Ауданымызда ел игілігіне бағытталған жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асып, әлеуметтік нысандар жаңарып, инфрақұрылымдық жобалар қолға алынуда. Мұның барлығы — тұрғындардың өмір сапасын арттыруға, ауданның өлеуетін нығайтуға бағытталған ортақ еңбектің нәтижесі.

Құрметті жерлестер!

Астана күні баршаңызға қуаныш, жақсылық және береке әкелсін. Әр шаңыраққа амандық, әр отбасына татулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Еліміздің еңсесі биік, тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз бекем болсын!

Туған еліміз өркендей берсін! Астана күні құтты болсын!

Аудан әкімі
Жанболат ЖИДЕХАНОВ.

6 ШІЛДЕ — АСТАНА КҮНІ

Бәйтерек

«Бәйтерек» бейбіт өмір мен келісімге ұмтылған барлық қазақстандықтың ғұмырлық мұратын білдіреді. Астананың символы атанып кеткен монументтің биіктігі — 97 метр.

«Бәйтерек» нысаны үш бөліктен тұрады — жер асты бөлігі ұлттың тамыр жаңуы, ал одан көйінгілері өркендеу көзеңдерінің нышандарын білдіреді. Ең жоғарғы жағында «Аялы алақан» композициясы орын тепкен. Оған қол табы тигенде шиыршық түрінде жарық ағып түсіп, сәуле алақанға құйылады және Қазақстанның мемлекеттік әнұраны ойналады. Одан әрі қосымша түріндегі композиция өз негізінен бөлініп, жер бетіне қалықтап тұрғандай әсерге бөлейді. Ұшар басында алтын шар орналасқан.

Хан шатыр

Норман Фостердің қиялынан шыққан сәулет ғажайыбы — «Хан Шатыр» Орта Азиядағы баламасыз әрі ең ірі архитектуралық жоба.

«Хан Шатыр» СОО — бір шатырдың

астында әлем деңгейіндегі ойын-сауық және сауда-саттықты біріктірген, өмір салтын қалыптастырушы орталық. 2010 жылы 6 шілде күні ашылған бұл ғимарат Қазақстан астанасының 12-ші туған күнімен тең келген. Хан Шатырдың биіктігі — 150 м. және жалпы ауданы 127 000 шаршы метр болатын мөлдір шатыр, ол 6 қабаттан тұрады.

Бас мешіт

Бас мешіт 2022 жылы елордада Орталық Азиядағы ең үлкен мешіт ретінде ашылды. Орналасқан жер учаскесінің алаңы — 10 гектар. Жалпы алаңы — 68 062 шаршы метр. Үлкен күмбездің биіктігі — 83,2 метр, диаметрі — 62 метр. Мешіттің төрт мұнарасы бар. Оның биіктігі — 130 метр. Мешіттің жерасты қабатында 440 орындық банкет залы, 405 орындық жабық паркинг, вестибюль, техникалық, ритуалдық қызмет көрсету орны, құрбан шалу орны және басқа бөлмелер орналасқан.

Бірінші және екінші қабаттарда намаз оқитын орыннан бөлек сыныптар, конференц-зал, неке қию залы, Құран оқитын

бөлме, телестудия, кеңселер, қызметтік бөлмелер, дүкендер, мұражай және техникалық бөлмелер бар.

Мешіттің жалпы сыйымдылығы 235 000 адамды құрайды.

«Тарлан Астана»

«Тарлан Астана» жобасы елорданың көлік инфрақұрылымын дамытудағы маңызды бастамалардың бірі болып саналады. Жеңіл рельсті көлік желісі қаланың негізгі бағыттарын байланыстырып, тұрғындардың уақытын үнемдеуге, жолдағы көлік жүктемесін азайтуға және қоғамдық көліктің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жобаның бірінші кезеңі Астана халықаралық әуежайы мен «Нұрлы жол» теміржол вокзалы аралығын қамтиды. Желінің ұзындығы шамамен 22 шақырымды құрайды, ал бағыт бойында 18 станция орналасқан. Заманауи пойыздар жоғары қауіпсіздік талаптарына сай жабдықталып, жолаушыларға жайлы әрі жылдам қатынау қызметін ұсынып келеді.



АҚПАРАТ АҰДЫНЫҢДАҒЫ ЕҢБЕКТІҢ БАҒАМАНУЫ

28 маусым — Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай аудан әкімі Жанболат Жидеханов аудандағы ақпарат кеңістігінде еңбек етіп жүрген БАҚ өкілдерімен және ақпараттық жұмысқа жауапты мамандармен кездесу өткізді.

Кездесуде аудан әкімі «Шалқар» аудандық газетінің ұжымын кесіби мерекелерімен құттықтап, олардың ауданның қоғамдық-саяси өмірін, әлеуметтік-экономикалық дамуын, елді мекендердегі игі бастамаларды және аудан тұрғындарының еңбек жолын жүйелі түрде жариялап, халықты сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету бағытындағы еселі еңбектерін атап өтті. Және ұжым мүшелерін Алғыс хатпен марапаттап, бағалы сыйлық тапсырды.

— Газет ұжымының әрбір мақаласы, әрбір жарияланым аудан тарихының бір бөлшегі ретінде бағалы. Сіздердің кесіби

ізденістеріңіз, жауапкершіліктеріңіз және туған жерге жанашыр көзқарастарыңыз ауданның ақпараттық кеңістігін мазмұнды етіп, оқырманның сенімін арттыра түсуде. Кесіби мерекелеріңізге орай Сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, шығармашылық шабыт тілеймін. Ауданның рухани-мәдени өмірін, ел бірлігі мен қоғамдық келісімді, еңбек адамдарының абыройын насихаттау жолындағы еңбектеріңіз жемісті бола берсін, — деді аудан басшысы.

Ж.Жидеханов осындай жүрекжарды тілекті бұқаралық ақпарат қызметкерлері күніне орай ауданның ақпарат кеңістігін дамытуға, тұрғындарға ресми әрі шынайы ақпарат жеткізуге, аудан өмірін кеңінен танытуға қосқан үлестері үшін бірқатар сала өкілдеріне де арнап, оларға өзінің Алғыс хаттарын табыстады.

Бұндай құрметке бірқатар ауылдық округтердің бас мамандары, бөлімдердің жетекші мамандары және қызметкерлері ие болды.

Өз кезегінде «Аудандық «Шалқар» газеті» ЖШС директоры Қыдыралы Әлин өздерінің кесіби мерекелеріне орай аудан активін жинап, көздесу ұйымдастырып, ақ тілек, ыстық ықыласын білдірген аудан әкімі Жанболат Жидехановқа ауданның ақпараттық кеңістігінде еңбек етіп жүрген журналистердің және ақпараттық жұмысқа жауапты мамандардың атынан алғысын айтты. Сонымен бірге, алдағы уақытта да ақпараттық салада аянбай еңбек ете беретіндіктерін жеткізді.

Аудан көркемөнерпаздары мерекелік шараға жиналған көпшілікке ән-жырдан шашу шашты.

«Шалқар»-ақпарат.

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

30 маусым күні аудандық қоғамдық кеңесінің отырысы болып, күн тәртібінде «Аудан бойынша жастармен өткізілетін іс-шаралары және оның орындалуы туралы», «Аудандық ауыл шаруашылығы бойынша жазғы шөл шабу науқанына дайындық жұмыстары, ауыл шаруашылығы техникаларымен толығы жөнінде атқарылған жұмыстар жөнінде», «Шалқар ауылдық округі әкімінің округ көлемінде абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары туралы» мәселелер қаралды.

Алғашқы мәселе бойынша аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Айбек Ембергенов баяндады. Жастар аудандағы 41988 тұрғынның 27,9 пайызын құрайды екен. Яғни, 11715 жас бар. Баяндамашы осы жылы жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі форматты шаралардың, бірқатар жүйелі жұмыстардың атқарылып келе жатқанына тоқталды. Есепті кезеңде жалпы 127 шара ұйымдастырылып, оған 4051 жас қамтылған.

— Волонтерлік бағытта да жұмыстар да қарқынды жүргізілді. «Таза Қазақстан» және «Ардагерлерді ардақтайық!» республикалық акциялар аясында сөнбіліктер, ардагерлерге көмек көрсету, қайырымдылық және экологиялық шаралар өткізілді. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес жастар арасында бұқаралық спортты дамыту мақсатында «VollyFest-2026» фестивалі мен Шалқар ауданы әкімінің кубогі үшін облыстық волейбол турнирі жоғарғы деңгейде ұйымдастырылды. Алдағы уақытта да жастардың бастамаларын қолдау және олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табатын болады, — деді А.Ембергенов.

Екінші мәселе бойынша аудандық көсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Марғұлан Досжанов баяндады. Жалпы ауданда 2026-2027

жылғы мал қыстату кезеңіне дайындық жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп отырғандығын және бақылауда екендігін айтты. Баяндамашы орақ науқаны кезіндегі қауіпсіздік шаралары, көпжылдық мал азығы дақылдарын егу мәселесі жөнінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

— Сонымен қатар, шаруа қожалықтарын аралап, шаруашылық құрылымдарымен өткізген жиналыстардағы ауылшаруашылығы техникаларын жаңарту мақсатында мемлекеттік «Өз жем-шөбім», «Жеңілдікті лизинг» бағдарламалары туралы түсіндірме жұмыстарының нәтижесінде өткен жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы ауданның 38 шаруашылық құрылымы 20 трактор мен 48 мал азығын дайындайтын техникалар алына, осы жылдың басынан бері 12 шаруашылық 9 трактор мен 17 мал азығын дайындайтын техниканы сатып алынып, материалдық-техникалық базаларын одан әрі нығайтылды, — деді М.Досжанов.

Үшінші мәселе бойынша Шалқар ауылдық округі әкімінің мәңдетін атқарушы Едіге Бисенбин баяндап, осы жылы аудандық бюджеттен бөлінген 15 млн. теңге қаражатқа округ орталығында қиындық туындатқан жерлерден 42 мың тонна құм шығарылғанын және жергілікті бюджеттен бөлінген 410 мың теңгеге 280 жүзгің, 80 қарағаш, 20 ясин, 30 каталпа ағаштары қажетті жерлерге егілгенін айтты. Жылтыр ауылында алма бағын отырызу жұмыстары да ұйымдастырылған. Ол жерге имрус, беркутовский, валентиң, июльский, черненко секілді алма сорттары отырғызылды.

Баяндамашылар басқа да атқарылған жұмыстарға тоқталды және қоғамдық кеңес мүшелерінің сауалдарына жауап берді.

Аудандық қоғамдық кеңес отырысында қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.